

Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 1 шешімі. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 2010 жылғы 26 қаңтарда № 9-16-99 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңның 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында аудан аумағында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу іс-шарасын өткізу ұсынылсын.

3. "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" (келісім бойынша), "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемелері бірлесе отырып оқу орындарына әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеуге наряд жеткізсін, алғашқы әскери дайындық пәнінің ұйымдастырушы-оқытушылары әскери оқу орындары жөніндегі анықтама материалдарымен қамтамасыз етілсін, олардың жұмыстары ұйымдастырылсын, "Науырзым тынысы" аудандық газеті арқылы әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу басталғандығы туралы хабарландыру берілсін, әскери оқу орындарына түсерде әскери-кәсіптік бағдарлау мақсатында тіркеу кезінде әрбір әскерге дейінгі азаматтармен жеке әңгімелесу жүргізу ұсынылсын.

4. Ауылдар, селолар мен селолық округтердің әкімдері:

1) тіркеуден өту үшін азаматтардың комиссияға келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыру учаскесіне азаматтарды жеткізу үшін қызметкерлер бөлінсін, тасымалдау кезінде қауыпты жағдайларды болдырмау үшін шаралар қабылдансын.

5. "Науырзым ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі", "Науырзым ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемелеріне азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуге байланысты, шараларды қаржыландыру "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шығындар сметасында қарастырылған қаражаттандыру есебінен жүзеге асырылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қу а т қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

7. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Науырзым ауданының білім беру бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ *О. Әбенов*

"Науырзым ауданының қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ *Р. Бөдекенова*